- *Қорғаныс аймағы түрлі ұзынды-қысқалы ағаштар, бұталар егіліп, гүлдермен безендіріледі. Ол мектепті транспорт шуынан, газынан, көше шаңынан қорғайды*

- *Мектеп терезелері мен бұл жердегі биік ағаштардың арасы 10 м, бұталардың арасы 5 м. Ағаштар мен бұталар бұдан жақын егілсе, өсе келе терезелерді көлеңкелеп, сынып бөлмелерінің жарығын азайтады*

- *Д е м а л ы с аймағы мектеп ауласының жазда көлеңке, қыста желден сақтайтын бұтақты ағаштар егілген тегіс таза жағында орналасады*

# Көгалдандыру кезінде ҚР ҚНжЕ 3.02-24-2004 қолданылады

- *Мектеп учаскесінің көгалдандырылуы, оның жалпы ауданының 40% кем болмауы керек, ал IYA климаттық аудандарда - 50% кем болмауы керек*
- *Мектеп пен оның ауласыт екпе ағаштармен қоршалады*

- *Шаруашылық аймақтың жері мектептің басқа аулаларынан аласа бұтақты өсімдіктермен қоршалады*
- *Ықшам аудан ішінде мектеп қорғанын жасыл ағаштар отырғызу арқылы жасауға болады*

# *Көгалдандырылу үшін келесі топтың өсімдіктері пайдаланылады*

- Жеміс ағаштар: алма, алмұрт, шие
- Көбінесе жаз айларында гүлдер бір-екі түрі және раушан гулдер
- Үйеңкі, шаған, шегершін, черемуха, қайың ағашы, жұпаргүл отырғызуға болады
- Көлеңке беретін ірі ағаштар: кішігірім ағаштар мен бұталар, қылқан жапырақты ағаштар, көгалдар